

Қиғаш селолық округіне қарасты Д. Нұрпейсова және Қиғаш елді мекендеріне көше атауларын беру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Қиғаш селолық округі әкімінің 2009 жылғы 28 қыркүйектегі N 10 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қазанда N 4-8-155 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Қиғаш селолық округі әкімінің 2010 жылғы 22 қазандағы N 77 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Қиғаш селолық округі әкімінің 2010.10.22 N 77 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармақшасын басшылыққа алып, аудандық ономастикалық комиссиясының 2008 жылдың 12 ақпанындағы N 1 және 2008 жылдың 16 сәуіріндегі N 3 хаттамасына сәйкес және Қиғаш селолық округінің тұрғындарының сұранысы негізінде **ШЕШЕМІН:**

1. Қиғаш селолық округіне қарасты, Д. Нұрпейсова елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге Сұлтан Бейбарыстың есімі берілсін.

2. Қиғаш селолық округіне қарасты, Қиғаш елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге Азаттық, Егеменді Қазақстан, Жастар, Халықтар достығы, Бейбітшілік, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жамбыл Жабаев, Мақаш Бекмұханбетов Шолтырұлы, Сырым Датов, Әйтеке би, Сейт баба, Бөкей хан, Шәмші Қалдаяқов, Мұқағали Мақатаевтың есімдері берілсін.

3. Шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан бастап күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі *Қ. Ғилажева*